

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРҒА АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ

Ансаган Куспанович Аронов¹

*М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің докторанты,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Басқару институтының аға оқытушысы; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: a.aronov@ara.kz*

Сара Кимадиевна Идрышева

*Заң ғылымдарының докторы, доцент, «М.С. Нәрікбаев атындағы
КАЗГЮУ университеті» АҚ Жеке құқық департаментінің профессоры;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: isk.80@mail.ru*

Аннотация. Қазіргі уақытта жасанды интеллект адамдардың өміріне үлкен әсер етуде. Мысалы, машиналар мәтінді тез тереді, бағдарламалық жасақтама әзірлейді және әр түрлі өнер туындыларын жасап шығарады. Желіде қолжетімді спорт және бизнес жаңалықтарының көпшілігін машиналар жазғанын байқауға болады. Көптеген елдердің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллект арқылы жасалған жұмыстар қарапайым құрал ретінде қарастырылады, бірақ жасанды интеллект технологияларының соңғы түрлері бұл ұғымды толығымен өзгертуде. Жасанды интеллектің пайда болуы зияткерлік меншік, атап айтқанда авторлық құқық туралы заңнама үшін көп қиындықтар туғызды. Жасанды интеллект технологиялары авторлық құқық саласында бірқатар күрделі сұрақтар тудырып отыр, мысалы жасанды интеллект шығармашылық жұмыстардың авторы бола ала ма, жасанды интеллект туындылары қалай қорғалуы керек немесе мұндай жұмыстарға құқықтар кімге тиесілі. Мақалада автор осындай сұрақтарға жауап табуға және машиналардың жасанды интеллектісімен байланысты авторлық құқық мәселелерін нақтылауға тырысады. Мақаланың мақсаты – дамыған мемлекеттерде жасанды интеллект машиналары жасаған, авторлық құқықпен қорғалған туындыларды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтау және жасанды интеллект жасаған өнімдерге қатысты авторлық құқық туралы отандық (қазақстандық) заңнаманы жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар беру. Мақала авторы шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, компьютерлік машиналар көмегімен жасалған шығармашылық жұмыстар жағдайында осындай жұмыстарды жасау үшін қажетті шаралар қабылдаған адам автор екенін айтады.

Түйін сөздер: авторлық құқық, жасанды интеллект, автор, авторлық, бірегейлік.

ЗАЩИТА АВТОРСКИХ ПРАВ НА ПРОИЗВЕДЕНИЯ, СОЗДАНИЕ С ПОМОЩЬЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аронов Ансаган Куспанович

*Докторант Университета КазГЮУ им. М.С. Нарикбаева,
ст. преподаватель Института управления Академии государственного
управления при Президенте РК, г. Астана, Казахста; e-mail: a.aronov@ara.kz*

Идрышева Сара Кимадиевна

*Доктор юридических наук, доцент, профессор Департамента частного права
АО «Университет КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева»; г. Астана,
Республика Казахстан; e-mail: isk.80@mail.ru*

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Аннотация. В настоящее время искусственный интеллект (ИИ) оказывает огромное влияние на жизнь людей. Например, машины быстро набирают текст, разрабатывают программное обеспечение и создают различные виды искусства. Можно заметить, что многие спортивные и деловые новости, доступные в Сети, написаны машинами. Согласно действующему законодательству многих стран, работы, созданные с помощью искусственного интеллекта, рассматриваются как простой инструмент, но последние типы технологий искусственного интеллекта полностью меняют это представление. Появление искусственного интеллекта создало огромные проблемы для законодательства об интеллектуальной собственности, в частности авторском праве. В сфере авторского права технологии искусственного интеллекта вызвали некоторые юридические споры о том, может ли искусственный интеллект быть автором творческих работ, как должны защищаться работы искусственного интеллекта или кому принадлежат права на такие работы. В статье предпринята попытка найти ответы на такие вопросы и прояснить проблемы с авторским правом, связанные с искусственным интеллектом машин. Цель статьи – выяснить особенности правового регулирования защищенных авторским правом произведений, созданных машинами искусственного интеллекта, в развитых государствах и дать некоторые соответствующие рекомендации по совершенствованию национального (казахстанского) законодательства об авторском праве в отношении машин, созданных искусственным интеллектом. Основываясь на зарубежной практике, автор утверждает, что в случае творческих работ, созданных с помощью компьютерных машин, автором является лицо, принявшее необходимые меры для создания таких работ.

Ключевые слова: авторское право, искусственный интеллект, автор, авторство, оригинальность.

COPYRIGHT PROTECTION ON WORKS GENERATED BY ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Aronov Ansagan Kuspanovich

PhD student of M.S. Narikbayev KazGUU University, senior teacher of the Institute of management, the Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: a.aronov@apa.kz

Idrysheva Sara Kimadievna

Doctor of Law Science, Associate Professor, Professor of the Department of Private Law of JSC “KAZGUU University named after M.S. Narikbaev”; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: isk.80@mail.ru

Abstract. Nowadays people's lives are hugely affected by artificial intelligence (AI). For example, machines text quickly, develop software, and create different types of arts. One may notice that many of the sport and business news which are accessible on the net are written by machines. According to the current legal framework of many states, AI-generated works are generally viewed as a simple tool. However, with the development of advanced AI machines, this perspective has undergone a significant shift. The emergence of AI has hugely posed challenges to intellectual property law, in particular copyright. In copyright sphere, AI-generated machines have risen some legal disputes whether AI can be the author of creative works, how AI works need to be protected or who owns the rights for such works. The paper aims to address the aforementioned questions and to clarify copyright issues arising from AI machines. The purpose of this paper is to identify the characteristics of legal regulations governing copyrighted works produced by AI machines in developed countries and subsequently offer relevant recommendations to improve national (Kazakh) copyright law concerning AI-generated machines. Based on foreign practice, the author argues that when it comes to creative works generated by computer machines, the individual who has made the necessary arrangements for the creation of such works should be considered the author.

Keywords: copyright, artificial intelligence, author, authorship, originality.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстан қарқынды экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Бұл өзгерістер негізінен интернет заттары, блокчейн және жалпы акпараттандыру процесі сияқты озық технологиялардың ілгерілеуіне байланысты орын алды. Акпараттық қоғамның дамуы сонымен қатар жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының пайда болуына әкелді. Жасанды интеллекттің пайда болуы адамдардың араласуынсыз шығармашылық жаңа туындылардың түрлерін жасауға мүмкіндік берді. ЖИ-нің өсуі бүкіл әлемде танымал әрі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Креативті машиналар, өздігінен жүретін машиналар және т.б. сияқты концепциялар ғалымдардың, саясаткерлердің және тұтынушылардың назарын аударып, жасанды интеллекттің артықшылықтары туралы хабардарлықты арттырды. Сонымен қатар, ЖИ-нің пайда болуы адамдардың шығармашылық өнімнің жалғыз көзі болып табылмайтындығына әкелді, өйткені адамның араласуымен компьютерлер шығармашылық және түпнұсқалық өнімдерді шығару мүмкіндігін көрсетті [1, 433 б.]. Жасанды интеллекттің арқасында адамның нақты бейнесіз сөйлеу сценарийлерін жасауға немесе Пикассо сияқты атақты суретшілердің стилімен ерекшеліктеріне қатты ұқсайтын өнер туындысын жасауға мүмкіндік туды. Көбінесе ЖИ робот машиналарымен немесе футуристік заттармен байланысты орын алды. ЖИ-нің негізгі тұжырымдамалары – бұл машинаны (компьютерді) құру, яғни ол адамның ой қабілетінен тыс, ақылды түрде жұмыс істей алады, мақсаты болып адамдар шығаратын өнімдермен салыстыруға болатын зияткерлік қызметтің нәтижелерін жасау болып табылады [2].

Шахмат, покер және басқа да ойын түрлері сияқты белгілі бір салаларда компьютерлік машиналар адамдардан асып түсті деп айтуға болады. Қазір олар өнер сияқты жаңа креативті салаларда адамдармен бәсекелесуде, мұнда озық ЖИ технологиялары компьютерлерді музыка, әңгімелер және өнер тындыларын жасауға үйретуде. Кейбір сыншылар жасанды интеллект жасаған туынды адам шығармашылығымен бәсекеге түсе алмайды, өйткені машиналарда көркемдік туындылар үшін маңызды деп табылатын түйсік пен эмоция сияқты қабілеттер жетіспейді деп мәлімдейді. Дегенмен, қазіргі ғылыми тех-

никалық жетістіктер өнер саласын дамыта алатындығын дәлелдеп отыр. Мәселен, Associated Press мақалалар шығару үшін ЖИ көмегіне сүйенді, ал Washington Post болса күрделі бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы әртүрлі саяси жарыстарды, спорт және т.б. қамтитын көптеген оқиғаларды анықтауға ұмтылуда. Sony сияқты кейбір компаниялар ЖИ технологиясының арқасында әндер жасай алады [3].

Сондықтан, жасанды интеллектпен жасалған авторлық құқықпен қорғалған туындыларға қатысты құқық иелері арасында бірыңғай пікірлер жоқ. Жасанды интеллект арқылы жасалған өнімдердің жаппай пайда болу салдары, дүние жүзіндегі әртүрлі юрисдикциялар бойынша авторлық құқық туралы заңның озық технологияларға іле-суіне қиындық келтіруде.

ЖИ-нің құқықтық мәртебесі қазақстандық зияткерлік меншік туралы заңнамасында әлі қарастырылмаған деп айтуға болады. Бұл мәселелердің өзектілігін ескере отырып, жасанды интеллект өндіретін машиналар жасаған авторлық құқық өнімдерін құқықтық реттеу үшін практикалық және теориялық маңызы бар. Бірақ, бұл мәселе бойынша көптеген ғылыми еңбектерге қарамастан, дамыған елдерде жасанды интеллект машиналарымен жасалған авторлық құқықпен қорғалған туындыларды құқықтық реттеу бойынша бір ізді, терең талдау жоқ. Осылайша, бұл мәселе бірқатар сұрақтарды тудырады, мысалы, жасанды интеллект машиналары жасаған авторлық құқық өнімдерінің авторы кім, жасанды интеллекттің құқықтық мәртебесі қандай, жасанды интеллекттің әрекеттеріне кім жауапты және т.б. Сонымен қатар, озық технологияның қарқынды дамуына байланысты бұрын жүргізілген кез келген зерттеу немесе талдау жұмыстары ескіруі мүмкін, сондықтан бұл тақырып бойынша жаңа және көбірек зерттеулер қажет [4, 193 б.].

Осылайша, зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект бойынша авторлық құқық туралы заңның жалпы ерекшеліктерін анықтау және жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялар тұрғысынан қазақстандық авторлық құқық туралы заңнаманы жетілдіру. Автор Ұлыбритания, АҚШ және Еуропа сияқты кейбір озық мемлекеттердегі авторлық құқық туралы заңдарға салыстырмалы талдау жүргізеді және авторлық құқық туралы ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізуді ұсынады.

ЖИ машиналары салдарынан туындайтын авторлық құқық мәселелерін талдау үшін, біріншіден, біз ЖИ мен оның ерекшеліктерін, қазіргі жағдайын және одан әрі дамуын бағалаймыз; Содан кейін, мақалада ЖИ машиналары «автор» ретінде танылуы мүмкін бе, жоқ па деген сұраққа жауап беру үшін құқықтық мәселелерге, атап айтқанда, ЖИ әсер ететін авторлық және түпнұсқалық мәселелерге назар аударылады. Бұл мәселенің түйінін шешу үшін мақалада Ұлыбритания, АҚШ және ЕО-ның кейбір тәсілдері салыстырмалы қарастырылады. Салыстырмалы талдау нәтижесінде жергілікті ЖИ машиналарға қатысты қазақстандық авторлық құқық туралы заңнамадағы олқылықтардың орнын толтырудың тиімді тәсілдерін ұсынамыз.

ЖИ дамуы және оның ерекшеліктері

ЖИ-нің дамуы британдық ғалым Алан Тьюрингтің есімімен тікелей байланысты. Ол машинаның жеке тұлға ретінде өзін-өзі ойлай алатынын білгісі келді. Бірақ біз қазір қолданып жүрген терминді американдық ғалым Джон Маккарти Ганновердегі кездесуде алғашқы рет қолданды [5]. Дегенмен, американдық математик жасанды интеллект технологиясының толық анықтамасын бере алмады. Рассел мен Норвиг сияқты басқа ғалымдар онға жуық анықтаманы ұсынғанымен, таңдалған сұрақтарға байланысты анықтамалар әр түрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Оның ерекшеліктерін ескере отырып, ЖИ әдетте шешім қабылдау, тану, үйрену және қарым-қатынас жасау сияқты адамның интеллектісін қамтитын тапсырмаларды орындай алатын жүйе екенін анықтауға болады [5, 16 б.]. Гурко жасанды интеллект математикалық модель болып көрінетін нейрондық желілермен және оның биологиялық нейрондық желілерді ұйымдастыру принципіне негізделген бағдарламалық инкарнациясымен тығыз байланысты деп мәлімдейді [6].

2018 жылы Еуропалық Комиссия жасанды интеллект туралы өз есебінде жасанды интеллект ойлау мінез-құлқын көрсететін және арнайы мақсаттарға қол жеткізу үшін белгілі бір дәрежеде автономды түрде әрекет ететін жүйе ретінде анықтады².

Ақпарат ғасырында көптеген мәселелер динамикалық, оңай өзгермелі болып көрінеді және әртүрлі жағдайларға байланысты бұл өзгерістерді болжау қиын. ЖИ оңтай-

ландыру, жіктеу, тану, болжау және т.б. сияқты мәселелердің әртүрлі түрлерін шеше алатынын көруге болады [7, 11 б.]. Кейбір авторлар ЖИ-нің сегіз маңызды белгілерін көрсетеді: шығармашылық, болжамсыздық, тәуелсіздік, дербестік, ұтымдылық, даму қабілеті, мәліметтерді жинау қабілеті, тиімділік, дәлдік, тез және еркін балама нұсқаларды таңдау мүмкіндігі [8, 41 б.]. ЖИ төртінші өнеркәсіптік революцияға айтарлықтай әсер еткендігін байқауға болады және термин ретінде Клаус Швабтың мақаласында алғашқы рет айтылды. Шваб ЖИ, Интернет заттары (IoT), робототехника, 3D басып шығару және басқа да заманауи технологияларды төртінші өнеркәсіптік революцияның бір бөлігі ретінде қарастырып, олардың билік пен индустрия салаларына әсер ететіндігін болжады [9, 44 б.].

Шынында да, ЖИ технологиялары көп қырлы, жан-жақты және барлық жерде бар – ол кибернетикадан лингвистикаға дейінгі ғылымдардың әр түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Бірақ, осы ғылымдардың барлығы үшін ЖИ-нің құқықтық аспектілері ерекше қажет, алайда бұл бағыттың аз дамығандығын көруге болады [10, 45 б.].

Сонымен қатар, ЖИ мақсаттары тұрғысынан оған қатысты әртүрлі көзқараспен қарайтын мамандардың екі тобы бар. Зерттеушілердің бір тобы адамның мінез-құлқын ынталандыру және осылайша түсіну үшін ЖИ машиналарын пайдаланса, екінші топ сарапшылары ЖИ жүйелерін адамдар орындай алмайтын тапсырмаларды орындау үшін пайдаланады және осылайша адамның қабілетін арттырады [11].

Қазақстан Президенті жасанды интеллекттің маңыздылығын ескере отырып, Қ.Тоқаев әлем экономика, қауіпсіздік, медицина мен саясат сияқты адам қызметінің бағыттарын қамтитын жасанды интеллект, машиналық оқыту және нейрондық желі дәуірінде өмір сүріп жатқанын атап өтті [12].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жетекші әдіске, атап айтқанда салыстырмалы құқықтық әдіске негізделген. Салыстырмалы құқықтық әдіс авторға таңдалған мемлекеттердің авторлық құқығының тиісті ережелерін және компьютерлік машиналармен жасалған жұмыстарды реттейтін халықаралық-құқықтық актілерді салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар,

² Communication from the Commission to the European Parliament, the Council, the European Economic, and Social Committee and the Committee of the Regions, Artificial Intelligence for Europe, 2018

ЖИ арқылы жасалған машиналарға қатысты авторлық құқық туралы ұлттық заңнаманы жетілдірудің ақылға қонымды шешімдерін табу үшін аналитикалық және дедуктивті тәсілдер қолданылды. ЖИ авторлық құқық мәселесіне қатысты бірқатар академиялық және құқықтық зерттеу еңбектері бағаланып, автордың көзқарасын растау үшін пайдаланылды.

Авторлық құқық туралы қолданыстағы заңнаманы және осы мәселеге қатысты ғылыми еңбектерді талдау авторға ЖИ озық технологияларындағы мәселеге қатысты ұсыныстарды тұжырымдауға көмектесетін әдіс бола алады. Ғылыми еңбектерді талдай отырып, бұл мәселенің ауқымын анықтауға көмектеседі, ал сот істері мен прецеденттер қазақстанның авторлық құқық туралы заңындағы болашақтағы кез келген өзгерістердің оң және теріс жақтарын өлшеуге мүмкіндік береді.

Құқықтық мәселелер

Жоғарыда айтылғандай, ЖИ интеграциясы немесе құрылуы және оның дамуы зияткерлік меншікке, атап айтқанда авторлық құқық саласында мәселелер туғызуда. Нәтижесінде, осы қиындықтан кейбір сұрақтар туындады, мысалы, біз жасанды интеллект жасаған туындыларды қорғай аламыз ба? Мұндай нәтижелерді қорғауды қалай қамтамасыз етуге болады? Интеллектуалдық қызметтің мұндай нәтижелері кімге тиесілі болады: адамға ма, әлде ЖИ? Аталған сұрақтар осы мақаладағы негізгі мәселелер қатарына жатады.

Тәсілдер мен ұстанымдардың әртүрлі түрлерін ескере отырып, ЖИ қолдану арқылы зияткерлік меншік құқықтарын құқықтық реттеудің келесі режимдерін бөліп көрсетуге болады: 1) ЖИ авторлық теориясы; 2) абсолютті азаматтық авторлық теориясы; 3) «жалдау» теориясы бойынша жұмыс; 4) бірлескен авторлық теориясы (ЖИ мен адам екеуі де автор); 5) қоғамдық игілік теориясы.

1. ЖИ авторлық теориясы. Бұл теорияның негізгі мәні – жасанды интеллекттің шығармашылық жұмыстардың толыққанды авторы ретінде тану. Шығарманы жасауға адамның қатысуы шектелетіндіктен және негізгі жұмысты компьютер жасайтындықтан, туындылардың авторы ЖИ машиналары деп айту орынды.

2. Абсолютті азаматтық авторлық теориясы. Теорияның негізгі мәні – еңбектердің ав-

торларын тек ЖИ ғана емес, сонымен қатар адамдарды, атап айтқанда бағдарламашыларды, ЖИ иелерін немесе қолданушыларды тану. Өйткені, жасанды интеллекттің құрудың басты мақсаты – ол еркін суретші болудан гөрі кез келген белгілі бір тапсырмаларды орындай алатындығында. Қарастырылатын тағы бір маңызды аспект – ЖИ жүйелері тудыратын зияткерлік қызметтің нәтижелері авторлық құқықты қорғауға жарамсыз болуы мүмкін. Себебі жасанды интеллект арқылы жасалған туындылар көбінесе авторлық құқық үшін талап етілетін шығармашылық пен түпнұсқалық критерийлеріне сәйкес келмейді.

3. «Жалдау» үшін жұмыс теориясы. Кейбір ғалымдар шығармашылық жұмыстардың авторлығын осы теорияға сүйене отырып анықтауға кеңес береді, мұнда ЖИ сервистік қызметті көрсететін жұмысшы бола алады. Осылайша, қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынасты ЖИ жүйесіне және оның бағдарламашыларына қолдануға болады.

4. Бірлескен авторлық теориясы. Бүгінгі таңда адам баласы қатыса алмайтын шығармашылық жұмыстарды анықтау қиын. Компьютерлік бағдарламалар шығармашылық әрекеттерді орындай алады деп есептесек те, адамның іс-әрекеті бәрібір өмірлік маңызды рөл атқарады, өйткені адам мұндай бағдарламалардың принциптерін анықтайды немесе белгілейді, бағдарламаны әзірлейді және іске қосады.

5. Қоғамдық игіліктер теориясы. Бұл доктринаның орталық тұжырымдамасы жасанды интеллект арқылы жасалған жұмыстарда авторлардың болмауын мойындау төңірегінде шешіледі. Бұл теорияға сәйкес, мұндай туындыларды қоғамдық игілікке көшірген дұрыс, өйткені бұл туындылардың шынайы авторы құқықтық мәртебесі жоқ компьютерлік бағдарлама болып табылады [13, 64 б.].

Жоғарыда аталған теориялардың оң және теріс жақтары бар екендігін айтуға болады. Бүгінгі күнге дейін теориялардың ешқайсысын орынды деп айтуға келмейді, өйткені қандай да бір теорияларды қабылдау заңнамаға елеулі өзгерістерді қажет етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы 1996» Заңының 2-бабы, 2-тармақшасына сәйкес (Авторлық құқық туралы заң), авторлық құқық автордың жеке және жеке мүліктік емес құқықтары ретінде анықталады³. Ал сол баптың

³ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы

1-тармақшасына сәйкес автор – ғылым, өнер және әдебиет саласында авторлық құқықпен қорғалған туындыларды жасайтын тұлға⁴. Заңда «ЭЕМ-ге арналған бағдарлама» келе-сідей анықтама берілген:

«табиғатына орай ЭЕМ-ге арналған бағдарлама олардың неғұрлым кейінірек кезеңдегі нәтижесі болып табылатын дайындық материалдарын қоса алғанда, машинада оқылатын материалдық жеткізгішке жазу кезінде ЭЕМ-мен белгілі бір міндеттерді орындау немесе нәтижеге қол жеткізу қамтамасыз етілетін сөздер, схемалар немесе бейнелеудің өзге де кез келген түрінде бейнеленген командалар жиынтығы».

Сонымен қатар, 9-бапқа сәйкес ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу сәтінен бастап туындайды және туынды жасалғаннан кейін туындыны тіркеу сияқты өзге шарттар мен рәсімдер талап етілмейді. Демек, бұл авторлық құқықтың иесі тек тұлға ғана бола алады дегенді білдіреді, өйткені Қазақстанның авторлық құқық туралы заңы бойынша шығармашылық жұмыстардың нәтижесін жеке тұлғадан басқа ешкім ала алмайды. Тиісінше, жасанды интеллект туынды жасаса да, оны құқық иеленуші ретінде қарастыруға болмайды⁵.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта Қазақстанның қолданыстағы авторлық құқық туралы заңы ЖИ құқықтық мәртебесін анықтамайды немесе мұндай құбылыстарды ресми құқықтық құжаттарда белгілемейді. Сонымен қатар, бұл алшақтық болашақта кейбір мәселелерді тудыруы мүмкін, себебі ЖИ қоғамдық өмірдің барлық салаларына көбірек еніп, әр түрлі құқықтық қатынастардың белсенді қатысушысына айналуға.

Қазіргі сәтте ЖИ шығарған шығармашылық туындыларды авторлық құқық арқылы қорғау бойынша пікірлері қайшы бірнеше топ өкілдері бар. Мысалы, бір топ өкілдері жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты кеңейтуге қарсы пікір білдірсе, келесі топ жасанды интеллектпен жасалатын туындыларды авторлық құқықпен қорғаудың қажеттілігін алға тартады.

ЖИ машиналары шығаратын нәтижелерге авторлық құқықты қорғауды ұсынуға қарсыластардың басты ойы – ЖИ шығаратын туындыларға авторлық құқықты қорғау ерте ме, кеш пе адамдардың зияткерлік шығар-

машылыққа инвестиция салуға дайындығын немесе ынтасын бұзуы мүмкін. ЖИ машиналарының адамдармен теңесуі немесе бір қатарда болуы құқық иелерінің өздерінің маңыздылығы мен сенімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Алайда, кей сарапшылар мұндай мәселелер мен олардың жасанды интеллект туындыларына байланысты салдары тек авторлық құқықты қорғаудың оларға берілуіне байланысты емес, сонымен қатар жасанды интеллект технологиялары көрсететін шығармашылық деңгейіне байланысты деп өз ойларын білдіреді. Жоғарыда келтірілген салдарлар ЖИ технологияларының туындылары авторлық құқықпен мүлде реттелмеген жағдайда да пайда болуы мүмкін деп есептеледі [14, 6 б.].

Сонымен қатар, қарсылас тараптар ЖИ технологияларының шығармашылық нәтижелеріне авторлық құқықты қорғау қажет пе деген сұрақ қояды. Өйткені машиналар авторлық құқықты қорғауды талап етпейді және айрықша құқықтарға ие емес. Адамдарға қатысты, егер тиісті қорғаныс қамтамасыз етілмесе, адамдардың шығармашылық жұмыспен айналысуы екіталай. Бірақ, ЖИ технологиясына келетін болсақ, бұл жерде басқа жағдай орын алуы мүмкін, өйткені олар авторлық құқықпен қорғаусыз да туындыларды жасауды жалғастыра береді.

Жасанды интеллект туындыларын авторлық құқықпен қорғауды жақтаушылар жасанды интеллект машиналарын жасау қаржылық, материалдық және басқа да көздерді көбірек қажет етеді деп мәлімдейді. Сондықтан мұндай туындыларға қатысты авторлық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету ЖИ технологияларына көбірек инвестиция салуды ынталандыруы мүмкін. Айта кету керек, жақтаушылардың өздері қорғау тұрғысынан бірнеше топқа бөлінген, кейбіреулері қолданыстағы авторлық құқық туралы заң мұндай туындыларды қазірдің өзінде реттейді деп мәлімдесе, ал басқалары авторлық құқық туралы заңға оны ЖИ технологияларының ерекшеліктеріне бейімдеу үшін өзгерту қажеттігін алға меңзейді [14]. Жасанды интеллект арқылы жасалған жұмыстардың құқықтық мәселелерін шешудің ең жақсы әдісін білу үшін келесі бөлімде Ұлыбритания, Еуропалық Одақ және АҚШ елдеріндегі заңдар мен әртүрлі сот практикасын салыстырмалы түрде талданатын болады.

№ 6-І Заңы. – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_ (жүзінген күні: 18.03.2024ж.)

⁴ сол жерде

⁵ сол жерде

Ұлыбританиядағы жасанды интеллект туындыларының авторлық құқығын қорғау

1980 жылдары Ұлыбритания үкіметі компьютер арқылы жасалған туындылардың авторлық құқығына қатысты жасыл қағаз даярлады. Аталған қағазда компьютер тек шығармаларды жасауға көмектесетін құрал болып табылады және сол құралды басқаруға жауапты адам автор ретінде қарастырылуы мүмкін деген пікір айтылды. Ал бүгінде Ұлыбританияда ЖИ жасайтын шығармашылық жұмыстардың мәселелері шешілген сияқты. Авторлық құқық, дизайн және патенттер туралы заңның (CDPA) 9(3) бөліміне сәйкес: «Компьютерлік машиналармен жасалған әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем шығармалар жағдайында автор жұмыс жасау үшін қажетті шараларды қабылдаған тұлға болып саналады». Сонымен қатар, аталған заңның 178 бабы компьютерде жасалған жұмыста егер мұндай жұмыстың авторы адам қатыспаған жағдайда компьютермен жасалды деп анықтайды⁶. Осылайша, компьютерде жасалған деген сөз, инновациялық өнімді жасауға адамның қатыспайтындығын білдіретіндіктен, жасанды интеллектпен жасалған жұмыс осы анықтамаға сәйкес келеді деп айтуға толық негіз бар [15].

Дегенмен, профессор Гуадамуз компьютерде жасалған жұмыстарға қатысты Ұлыбританияның заңнамасы бойынша кейбір сұрақтарды пысықтауды талап етеді, мысалы, жасалатын жұмыс үшін қажетті шараларды немесе қадамдарды қабылдап жатқан адамды заң қалай қарастыруы керек? Осы мәселе бойынша бағдарламашыны немесе пайдаланушыны қарастыруымыз керек пе? Ал бұл өз кезегінде авторлық құқық қалам жасаушыға ма, әлде жазушыға берілу керек пе деген сұрақты еске түсіреді. Қазіргі уақытта бұл мәселені көрсететін қарапайым мысал – Microsoft корпорациясының Word бағдарламасын әзірлеуі. Майкрософт бағдарламалық жасақтаманы жасаушы болғанымен, компания бағдарламаны пайдалана отырып жасалған әрбір жеке жұмыс бөлігіне меншік құқығын талап етпейтіні анық. Сол себепті, пайдаланушы бағдарламаны өз туындысын жасау үшін қолданғандықтан, авторлық құқық аталған пайдаланушыға тиісті болып табылады. Шынында да, жасанды интеллект арқылы жасалған

жұмыстардың бірегей аспектілерінің бірі – автоматтандыру деңгейі және шығармашылық процеске адамның қатысуын азайту[16].

Ұлыбритания жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғауды қамтамасыз ететін санаулы елдердің бірі болып табылады. Іс жүзінде CDPA-ның 9(3) тармағына қатысты сот практикасының аз екендігін көруге болады. *Express Newspapers v Liverpool Daily Post* сот ісі бойынша талапкер конкурс ұйымдастырып, онда карточкаларлар тиісті оқырмандарына таратылады және әр карточкада жеңімпаз сериясымен бірге тексерілуі қажет бірқатар қағаздар болады. Конкурс бойынша жеңімпаздың сериялық әріптері тігінен және көлденең тиісті торда жарияланды. Оқырмандарға карточкаларды алу үшін газет сатып алудың қажеті болмағандықтан, жауапкер – *Liverpool Daily Post* жеңімпаз сериясын өз газетіне көшіреді. Бұл әрекеттің нәтижесінде талапкер авторлық құқықтың бұзылуына байланысты жауапкерді сотқа береді. Сот алдында жауапкер жеңімпазды анықтайтын серия нөмірлері авторлық құқықпен қорғалмайтындығын алға тартады, өйткені ол әріптерді адамдар емес, компьютерлік машиналар жасағандығын, сондықтан автордың жоқтығын айтады. Алайда, іс соңында сот талапкердің пайдасына шешім шығарып, компьютер жай ғана құрал екендігін және бағдарламашының нұсқаулығы бойынша аталған сериялық әріптерді шығарғандығын түсіндіреді. Осылайша, сот шешімі CDPA-ның 9 (3) тармағына сәйкес толық орын алды деп айтуға негіз бар⁷.

Nova Productions v Mazooma Games, ісі бойынша талапкер бейне ойындарын әзірлеп, жасап және сатқан болатын. Талапкер «Қалта Ақшасы» атты ойынындағы авторлық құқықты жауапкердің «Джекпот Бассейні» және өзге ойындары бұзды деп мәлімдеді. Талапкердің айтуынша «Қалта Ақшасының» бағдарламалық жасақтамасының коды көшірілген жоқ, керісінше ойынның экрандағы көрінісі («нәтижелер») көшірілді. Талапкер өзі сүйенген ұқсастықтар кестесін ұсынды және сәйкес мүмкіндіктерді анықтау үшін скриншоттарды белгіледі. Алайда, бұл іс бойынша бірінші сатыдағы судья ойындар арасында ешқандай ұқсастықты таппады, өйткені ойындар өз кезегінде басқаша ойналды және осылайша авторлық құқықтық бұзушылықтың орын алмағандығы туралы

⁶ Copyright, Designs and Patent Act 1988

⁷ *Express Newspapers v Liverpool Daily Post* [1985] 3 All ER 680

шешім қабылдайды. Апелляциялық сатыдағы сотта судья компьютерде жасалатын жұмыстардың мәні және бағдарламашы туралы қысқаша қорытынды жасайды. Оның көзқарасы бойынша, компьютерлік жұмыстар – бұл экранда көрсетілетін кадрлар, ал ойын бағдарламашысы – инновациялық туындыларды жасау үшін қажетті шараларды қабылдаған адам, сондықтан ол туындының авторы болып табылады⁸.

Тағы бір ескеретін жайт, CDPA баптарына сәйкес авторлық құқықты қорғау мерзімі жалпы шығармашылық жұмыстар мен ЖИ жасаған туындылар арасында әр түрлі болып келеді. Мысалы, авторлық құқықты қорғау мерзімі автордың қайтыс болуы және 70 жыл мерзімінің өтуімен аяқталса, жасанды интеллект арқылы жасалған туындылар үшін бұл мерзім 50 жылға созылады. Сондықтан, британдық авторлық құқық жасанды интеллект жасаған туындыларды мойындағанымен, авторлық құқықты қорғау деңгейі жалпы шығармашылық туындыларға қарағанда қысқа және тұрақтылығы төмен деп айтуға негіз бар [17, 292 б.].

Жоғарыда аталған CDPA нормалары мен шарттарына сүйене отырып, жасанды интеллектіні авторлық құқықтың иесі ретінде тану мүмкін емес деп айту әділетті болар еді, өйткені авторлық құқықтың бұзылуы орын алған кезде оған тек адам ғана жауап бере алады. Сонымен қатар, компьютерде жасалған жұмыстардың авторы ретінде ЖИ бағдарламашысы ғана емес, британдық авторлық құқық туралы заңнамаға сәйкес шығармашылық жұмыстың туындауына өз шеберлігі мен еңбегін қосатын пайдаланушы да болуы мүмкін. Осылайша, жасанды интеллект жасаған туындылар Ұлыбританиядағы авторлық құқық туралы заңмен және сот практикасымен жақсы реттелгенге ұқсайды [15]. Алайда, бұл сұрақ бойынша Еуропалық Одақтағы жағдай мүлдем басқа бағытта дамуда, өйткені олар шығармашылық жұмыстардың түпнұсқалығына қатысты өзіндік шарттарды белгілеуде. Бұл айырмашылық келесі бөлімде талданатын болады.

Жасанды интеллект туындыларын авторлық құқықпен қорғаудың Еуропалық тәсілі

ЖИ сұрағы бойынша Еуропалық юрисдикцияларда британдық 9 (3) сияқты балама нормалардың жоқтығын және бұл мәселенің халықаралық шарттарда да, авторлық

құқық директиваларында да орын алмағандығын аңғаруға болады. Мысалы, Испанияның авторлық құқық туралы заңында автор туындыны жасаушы жеке тұлға деп жазылса, Германияның авторлық құқық туралы заңының 7-бабында «автор» туындыны жасаушы болып табылады, дегенмен заңда бұл оның тұлға болуы керектігі нақтыланбайды, 11-бапта авторлық құқық туындыны өз зияткерлігімен және шығармашылығымен шығарған авторды қорғайтындығы айтылған.

Компьютерде жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғаудың Еуропалық тәсілі автордың өзіндік интеллектуалды туындысының тұжырымдамасымен тікелей байланысты. Мысалы, компьютерлік бағдарлама бойынша Еуропалық директивада, егер компьютерлік бағдарлама автордың өзінің интеллектуалды қабілетінен, күш-жігерінен пайда болса, оны қорғауға болатындығы нақтыланған. Деректер базасына қатысты және авторлық құқықтың жекелеген аспектілері бойынша директиваларда осы мәселе бойынша ұқсас ережелер бар. Соңғы директива бойынша, фотографиялық туынды автордың жеке қатысуын көрсететін интеллектуалдық туындысы болса, оның авторлық құқықпен мойындалу мүмкіндігі айтылған. Осы ережелерді қолдана отырып, Еуропалық әділет соты (ECJ) «автордың өзіндік интеллектуалдық туындысы» шартын белгілеп, яғни автордың шығарманы өзінің тікелей қатысуымен жасайтынын түсіндіріп осыған қатысты талаптарды біріздендірді [18, 2 б.]. Компьютерде жасалған жұмыстарды құқықтық реттеу үшін еуропалық юрисдикциялар кей сот істерінде өздерінің стандарттарына немесе тәсілдеріне сүйенді. Мысалы, Inforaq International – бұл өз клиенттеріне Данияның күнделікті газеттері мен басқа да мерзімді басылымдарынан таңдалған мақалалардың қысқаша мазмұнын ұсынатын бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі және талдау компаниясы. Мақалалар Inforaq тұтынушыларымен келісілген іздеу критерийлері негізінде қорытындылау үшін таңдалады және таңдау «деректерді жинау процесі» арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс іздеуге болатын мәтіндік файлдарды шығару үшін мақалаларды сканерлеуді, содан кейін мәтіннің он бір сөзден тұратын үзінділерін (іздеу сөзі және екі жағында бес сөз) жасау үшін мәтіндік файлдарды іздеуді қамтыды,

⁸ Nova Productions Ltd v Mazooma Games Ltd [2007] EWCA Civ 219 (14 March 2007)

олар электронды түрде басылып шығарылды және сақталды. Бұл іс бойынша сот өз шешімінде жұмыс «автордың жеке интеллектуалдық туындысы» ретінде қамтылса, түпнұсқа ретінде мойындалу мүмкіндігін түсіндірді⁹.

Сонымен қатар, Bezpečnostní softwarová asociace атты сот ісінде¹⁰, сот компьютермен жасалатын жұмыстарға қатысты қосымша түсініктеме берді. Негізгі мәселе графикалық интерфейсті еуропалық авторлық құқық стандарттарына сәйкес түпнұсқа туынды ретінде анықтау болды. Іс нәтижесі бойынша, сот автордың интеллектуалдық үлесі болған жағдайда графикалық интерфейс туынды ретінде авторлық құқықпен қорғалуы мүмкін екенін анықтады[15].

Жоғарыда келтірілген сот практикасын ескере отырып, келесідей қорытындылауға болады, яғни шығармашылық туындының еуропалық авторлық құқықпен танылуы үшін туынды автордың жеке басымен тікелей байланысты болуы маңызды.

Компьютермен жасалған туындыларды авторлық құқықпен қорғаудың американдық тәсілі

Жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты бекітуге негізгі кедергілердің бірі ретінде авторлық қарастырылуы мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың Авторлық құқықтар жөніндегі басқармасы (басқарма) авторлықты қабылдау үшін туындыны тікелей адам өзі жасау қажеттігі туралы ұстанымды алға тартты. Осылайша, егер туындылар аталған талаптарға сәйкес келмесе, авторлық құқықтың объектісі ретінде мойындалмайды. Сонымен қатар, басқарма авторлық құқықпен қорғалмайтын адамның қатысуынсыз орын алатын туындыларды екі санатқа бөледі: табиғат және машинамен жасалған туындылар. Біріншісін түсіндіру үшін басқарма піл салған қабырға сурет, мұхит жағасында пішінделген немесе тегістелген дрейф ағаштарын және т.б. мысал ретінде келтірсе, екінші санат бойынша рентгенмен салынған медициналық фотосуреттерді мысалға келтіреді.

Кейбір ғалымдар адам және адам емес авторларды ескере отырып, авторлықты қайта қарау керектігін алға тартады. Адам емес авторлардың және өнертапқыштардың құқықтық мәртебесін қатты қолдайтындардың бірі – профессор Эббот. Өзінің соңғы еңбектерінің бірінде ол адам емес субъек-

тілерге авторлықты белгілеу немесе тағайынау жасанды интеллектінің өсімі мен дамуын қолдайтын жаңа инновациялық жол деп анықтайды. Алайда, Христов адам және адам емес авторларды қосу арқылы «авторлықты» қайта қараудың қажеті жоқ деп санайды, өйткені бұл бастама болашақта құқықтық мәселелер мен белгісіздіктерге жол ашуы мүмкін [1, б.441].

Профессор Клиффордтың зерттеуінше, АҚШ-тың ағымдағы федералды жүйесі машина көмегінің болуы немесе болмауына қарамастан, жұмыс тек адам шығармашылығының қатысуымен ғана орын алады деген аксиомаға сүйенетіндігін айтады. Осылайша, егер компьютер туындыны өзі жасаған сәтте оның туындылары авторлық құқықпен қорғалмайтынын білдіреді. Мұндай аксиоманың туындына сарапшылар арасында егер машиналар авторлық құқықпен қорғалатын шығармашылық туындыларды өздері жасайтын болса, онда олар сол шығармалардың авторы деген көзқарастың пайда болуы әсер еткен болатын[19, б. 274]. Кей азаматтар машинаны автор ретінде тануды тым артық санайды, өйткені осыған байланысты азаматтар лицензиялау, қорғаудың ұзақтығы сияқты авторлық құқықтың негізгі қағидаларына деген құрметін жоғалтуы мүмкін. Демек, қазіргі құқықтық жүйе машиналарды авторлық құқық иелері ретінде қабылдауға дайын емес деп айтуға болады. Адам емес авторларға қатысты мәселе Наруто атты маймыл ісімен танымал болды. Біріншіден, бұл іс бойынша талапкер Наруто есімді қара макаканың «селфиін» көшіргені үшін Википедияны сотқа берген болатын, өйткені аталған маймыл талапкердің камерасын пайдаланып, кездейсоқта өз суретін түсірген болатын. Өз уәжінде жауапкер талапкердің аталған суретке қатысты авторлық құқығы жоқ деп, маймылдың селфи суретін алып тастаудан бас тартты.

Бұл істің қоғамда резонанс туғызғаны соншалық, өзге тараптардың қатысуына алып келген болатын. Мысалы, жоғарыда аталған талапкерді маймылдың суретін заңсыз көшіріп, авторлық құқықты бұзды деп маймылдың атынан әрекет еткен РЕТА ұйымы сотқа берді[19, б.274]. Жасанды интеллект технологиясын реттеу бойынша АҚШ тәсілінің бір ерекшелігі – АҚШ-тың кейбір заңгерлері жалдамалы жұмыс доктринасын ЖИ-пен туындаған нәтижелерді реттеу үшін

⁹ Infopaq International A/S v Danske Dagblades Forening (C-5/08) EU:C:2009:465 (16 July 2009)

¹⁰ Bezpečnostní Softwarová Asociace - Svaz Softwarové Ochrany v Ministerstvo Kultury (C-393/09) [2011] E.C.D.R. 3 (22 December 2010)

қолдануға болады деп болжайды. Бұл доктрина авторлық жұмысты жасау мақсатында адамды жалдаған ұйымға бастапқы авторлық құқық иесі атануға мүмкіндік береді. АҚШ сияқты ортақ құқық елдерінің азаматтық-құқықтық елдерден айырмашылығы, айрықша құқықтарды алу үшін шығармашылық туындыларды авторларынан немесе жасаушыларынан бөлуге рұқсат береді. Бұл өз кезегінде ЖИ технологиясымен жасалған жұмыстарға қатысты қолданғанда және осы технологиялар құқықтық қатынас субъектісіне айналған кезде күрделі мәселелерді туғызуы ықтимал. Бұл тәсілді қолдаушылар, егер жалдамалы жұмыс доктринасы ЖИ жасаған жұмыстарға қатысты қолданылмағанның өзінде, бұл мәселе аталған ЖИ технологияларын өндірушілер мен олардың тұтынушылары арасындағы келісімшартта өз шешімін табуы мүмкін [14, б.6].

Бірақ, бұл тәсілдің мәселесі болып шарттық қатынаспен өзара бір-бірімен тығыз байланысты бір жағынан авторлар, және екінші жағынан оларды жұмысқа қабылдаған субъектілер жатады. Шынтуайтында келісімшарт доктринасы құқық иелерінің жалданған қызметкерлер немесе тәуелсіз қызметкерлер екенін анықтауға көмектеседі. Қорытындылай келе, озық технологияның дамуы жасанды интеллект арқылы жасалған жұмыстардың көбеюіне әкелді және адамдардың енді жалғыз шығармашылық пен инновацияның қызметтің қайнар көзі емес екендігін көрсетті. Алайда, АҚШ-тың авторлық құқық туралы заңнамасы бұл шындықты елемей, көптеген жасанды интеллект технологиясы жасаған шығармашылық туындыларды қоғамдық игілікке енгізген сияқты. Бұл тәсіл болашақ жасанды интеллекттің дамытуға немесе инвестициялауға қатысатын бағдарламашылар мен жасанды интеллект дамытушылар үшін тиімді болмауы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, АҚШ-тың авторлық құқық жүйесінде ЖИ-пен жасалған туындыларға қатысты біркелкі жауаптың жоқ екендігін аңғаруға болады.

Қорытынды

ЖИ технологиялары адамның қатысуымен де, қатысуынсыз да, жаңа шығармашылық туындыларды жасауда. «Ex Machina» көркем фильміндегі Ава сияқты жасанды интеллект кейіпкері көрермендер

арасында жасанды интеллектің қоғамдағы рөлі туралы қызу талқылау туғызған болатын. Бұл процестің басы ғана болса керек. ЖИ-нің дамуы авторлық құқықтың заңнамасына қатысты маңызды өзгерістерге себепші болып отыр. ЖИ технологиясымен жасалатын жұмыстарды авторлық құқықпен қорғау бойынша жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, оны келесідей қорытындылауға болады. Біріншіден, ЖИ – деректерді бағалаудың белгілі бір алгоритмдеріне сүйенетін және тәуелсіз шешімдер қабылдайтын компьютерлік бағдарлама. Ол тәжірибеден сабақ ала алады және мақсатына жету үшін өз функцияларын жетілдіре алады. Екіншіден, авторлық құқық туралы заңның қазіргі ұстанымы ЖИ технологияларына дайын емес және сәйкес келмейтінін байқауға болады, сондықтан авторлық құқық туралы заңды қолданыстағы жүйеге сәйкестендіру үшін тиісті түрде өзгертілуі немесе қайта қаралуы қажет. Еуропа мен АҚШ тәсілдері бойынша, адамның жеке басын шығармашылық үдерістің орталығына қою – біздің ойымызша негізсіз әрі болашақта перспективасы жоқ. Біз Ұлыбританияның тәсілін немесе бағытын, яғни шығармашылық жұмысты жасау үшін қажетті шараларды қабылдаған адамға авторлық құқықпен қорғауды қамтамасыз етуді ең тиімді және орынды деп санаймыз. Мұндай ұстаным компаниялардың ЖИ салаларына инвестиция құюға ынталандырады. Үшіншіден, қазақстандық авторлық құқық туралы заңда компьютерлік туындылардың құқықтық мәртебесі болмағандықтан, Ұлыбританияның құқықтық тәжірибесін бағалай отырып, 1996 жылғы Авторлық құқық туралы ұлттық заңға тиісті өзгертулер енгізіп және оны келесідей редакцияда жариялауды ұсынамыз: *«автор - ғылым, әдебиет және өнер туындыларын жасаған тұлға және осындай туындыларды жасаған жасанды интеллекттің әзірлеушісі және иесі»*.

Бұл жұмыста ЖИ технологиялары арқылы жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғау тұрғысынан ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық құқықтық ұсыныстар қарастырылған. Сондай-ақ, жұмыстың материалдары ЖИ технологиясымен жасалған шығармашылық туындыларды одан әрі құқықтық зерттеу үшін құнды болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. Hristov K. *Artificial intelligence and the copyright dilemma* //Idea. – 2016. – Volume 57, Issue 3 – PP. 431- 454.
2. Ramli T. S. et al. *Artificial intelligence as object of intellectual property in Indonesian law* //The Journal of World Intellectual Property. – 2023. – PP. 142-153.
3. Brown N. I. *Artificial authors: a case for copyright in computer-generated works* //Colum. Sci. & Tech. L. Rev. – 2018. – Volume 20. – PP. 1-41.
4. Magaiya A. et al. *The Practices of Advanced Countries in the Legal Regulation of Intellectual Property Objects Created by Artificial Intelligence* //Law, State and Telecommunications Review. – 2023. – Volume 15. – №. 1. – PP. 191-206.
5. Yanisky-Ravid S. *Generating Rembrandt: Artificial Intelligence, Copy-right, and Accountability in the 3A Era: The Human-like Authors Are Already Here: A New Model* // Mich. St. L. Rev. – 2017. – PP. 659- 726.
6. Гурко А. Искусственный интеллект и авторское право: взгляд в бу-дущее // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2017. – №. 12. – С. 7-18.
7. Suyanto A. I. *Searching, Reasoning, Planning, dan Learning (Revisi Kedua)* //Bandung: Informatika Bandung. – 2014. - <https://suyanto.staff.telkomuniversity.ac.id/textbook-artificial-intelligence/>, access date: 23.08.2023
8. Понкин И., Редькина А. Искусственный интеллект и право интеллек-туальной собственности // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2018. – №. 2. – С. 35-44.
9. Rahman R. A., Al-Farouqi A., Tang S. M. *Should Indonesian Copyright Law be Amended Due to Artificial Intelligence Development?: Lesson Learned from Japan* //NTUT Journal of Intellectual Property Law and Management. – 2020. – Volume 9. – №. 1. – PP. 34-57.
10. Исакова Ж.Т., Кашкин С.Ю. Современное авторское право и про-блемы развития искусственного интеллекта // Вестник Университета имени ОЕ Кутафина. – 2020. – №. 2 (66). – С. 43-52.
11. Butler T. L. *Can a computer be an author-copyright aspects of artificial intelligence* //Comm/Ent LS. – 1981. – Volume 4. – PP. 707- 747.
12. Президент Казахстана выступил на онлайн-конференции «Artificial Intelligence Journey». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/prezident-kazakhstana-vystupil-na-onlain-konferencii-artificial-intelligence-journey (дата обращения: 23.08.2023).
13. Афанасьева Е. Авторское право в эпоху искусственного интеллекта //Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. – 2020. – №. 6. – С. 59-66.
14. Hazucha B. *Artificial Intelligence and Cultural Production: Possible Impacts on Creativity and Copyright Law.* – 2022, Available at SSRN: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=4028106, access date: 23.08.2023.
15. Guadamuz A. *Do androids dream of electric copyright? Comparative analysis of originality in artificial intelligence generated works* //Intellectual prop-erty quarterly. – 2017(2) Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2981304>, access date: 23.08.2023.
16. Guadamuz A. *Artificial intelligence and copyright* // WIPO. - 2017, https://www.wipo.int/wipo_magazine/en/2017/05/article_0003.html, access date: 26.03.2023.
17. Yoon B. *A Comparative Study of the Copyright Laws for Artificial In-telligence in the UK and Korea* //Comparative Law Review. – 2022. – Volume 28. – PP. 281-314.
18. Zurth P. *Artificial Creativity? A Case Against Copyright Protection for AI-Generated Works* //UCLA JL & Tech. – 2020. – Volume 25. – PP.1-17.
19. Abbott R. *I Think, Therefore I Invent: Creative Computers and the Fu-ture of Patent Law* // B.C. L. REV. – 2016. – Volume 57. – PP.1079-1126.
20. Denicola R. C. *Ex machina: copyright protection for computer generat-ed works* //Rutgers UL Rev. – 2016. – Volume 69. – PP. 251-287.

REFERENCES

1. Hristov K. *Artificial intelligence and the copyright dilemma* // *Idea*. – 2016. – Volume 57. – PP. 431- 454.
2. Ramli T. S. et al. *Artificial intelligence as object of intellectual property in Indonesian law* // *The Journal of World Intellectual Property*. – 2023. – PP. 142-153.
3. Brown N. I. *Artificial authors: a case for copyright in computer-generated works* // *Colum. Sci. & Tech. L. Rev.* – 2018. – Volume 20. – PP. 1-41.
4. Magaiyya A. et al. *The Practices of Advanced Countries in the Legal Regulation of Intellectual Property Objects Created by Artificial Intelligence* // *Law, State and Telecommunications Review*. – 2023. – Volume 15. – №. 1. – PP. 191-206.
5. Yanisky-Ravid S. *Generating Rembrandt: Artificial Intelligence, Copy-right, and Accountability in the 3A Era: The Human-like Authors Are Already Here: A New Model* // *Mich. St. L. Rev.* – 2017. – PP. 659- 726.
6. Gurko A. *Iskusstvennyj intellekt i avtorskoe pravo: vzglyad v budushhee* // *Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2017. – №. 12. – S. 7-18.
7. Suyanto A. I. *Searching, Reasoning, Planning, dan Learning (Revisi Kedua)* // *Bandung: Informatika Bandung*. – 2014. - <https://suyanto.staff.telkomuniversity.ac.id/textbook-artificial-intelligence/>, access date: 23.08.2023
8. Ponkin I., Red'kina A. *Iskusstvennyj intellekt i pravo intellektual'noj sobstvennosti* // *Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2018. – №. 2. – S. 35-44.
9. Rahman R. A., Al-Farouqi A., Tang S. M. *Should Indonesian Copyright Law be Amended Due to Artificial Intelligence Development?: Lesson Learned from Japan* // *NTUT Journal of Intellectual Property Law and Management*. – 2020. – Volume 9. – №. 1. – PP. 34-57.
10. Iskakova Zh. T., Kashkin S. Ju. *Sovremennoe avtorskoe pravo i prob-lemny razvitija iskusstvennogo intellekta* // *Vestnik Universiteta imeni OE Kutaf-ina*. – 2020. – №. 2 (66). – S. 43-52.
11. Butler T. L. *Can a computer be an author-copyright aspects of artificial intelligence* // *Comm/Ent LS*. – 1981. – Volume 4. – PP. 707- 747.
12. *Prezident Kazakhstana vystupil na onlajn-konferencii «Artificial Intelli-gence Journey»*. — [Jelektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/prezident-kazakhstan-vystupil-na-onlain-konferencii-artificial-intelligence-journey
13. Afanas'eva E. *Avtorskoe pravo v jepohu iskusstvennogo intellekta* // *Intellektual'naja sobstvennost'. Avtorskoe pravo i smezhnye prava*. – 2020. – №. 6. – S. 59-66.
14. Hazucha B. *Artificial Intelligence and Cultural Production: Possible Impacts on Creativity and Copyright Law* // Available at SSRN 4028106. – 2022, Available at SSRN: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=4028106, access date: 23.08.2023.
15. Guadamuz A. *Do androids dream of electric copyright? Comparative analysis of originality in artificial intelligence generated works* // *Intellectual prop-erty quarterly*. – 2017(2), Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=2981304>, access date: 23.08.2023.
16. Guadamuz A. *Artificial intelligence and copyright* // *WIPO*. 2017 [Electronic resource] – Access mode: https://www.wipo.int/wipo_magazine/en/2017/05/article_0003.html, access date: 26.03.23.
17. Yoon B. *A Comparative Study of the Copyright Laws for Artificial In-telligence in the UK and Korea* // *Comparative Law Review*. – 2022. – Volume 28. – PP. 281-314.
18. Zurth P. *Artificial Creativity? A Case Against Copyright Protection for AI-Generated Works* // *UCLA JL & Tech*. – 2020. – T. 25. – PP.1-17.
19. Abbott R. *I Think, Therefore I Invent: Creative Computers and the Fu-ture of Patent Law* // *B.C. L. REV.* – 2016. – Volume 57. – PP.1079-1126.
20. Denicola R. C. *Ex machina: copyright protection for computer generat-ed works* // *Rutgers UL Rev.* – 2016. – Volume 69. – PP. 251-287.